ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 23 қазан №1513-23-00-2/2109 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Ж.Биманованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.С.Әбдуәлиева отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Садыкова ЖК» Дильназ Ашимжановна Садыкова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор З.Тулебаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 1 шілдеде талап қоюшы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен жауапкер жеке кәсіпкер «Садыкова ЖК» Дильназ Ашимжановна Садыкова (өнім беруші) арасында мемлекеттк сатып алудың қорытындылары негізінде №145 мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі – Шарт) жасалған.

Шарт сомасы 559 888 теңгені құрайды.

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымша бойынша жауапкер шартқа шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде асханаға арналған ыдыс аяқтарды жеткізу түріндегі міндеттемені өзіне алған.

Жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін уақытылы және орындамаған. Жалпы құны 398 608 теңгені құрайтын тауардың б мерзімге кешіктіріп жеткізген. Тауардың қалған бөлігі жеткізілме

2023 жылғы 15 тамызында талап қоюшы жауапкердің ша міндеттемелерін тиісті түрде орындамауына байланысты, оны сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсызд өндіру туралы талабымен сотқа жүгінген.

Сот отырысына әзірлеу жұмыстары барысында талап қоюш талап қоюды толық қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады, азам талап қоюшының қатысуынсыз қарау туралы өтінішпен жүгінді.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарланғанымен сот отырысына қатысқан жоқ.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болға Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-б (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауа қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру жатады деген қорытын берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – 272-бабына сәйкес міндеттеме–міндеттеме шарттары мен заң талапта сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу тура Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сә мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлеке сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемел орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тіз болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3)-тармақшалары көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақс Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фак туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірм осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сат алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгіну міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгін мерзімі сақталған, яғни сотқа талап қоюмен уақытылы жүгінген.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне жүктелген міндеттемелерд тиісті түрде орындамағандығы іс материалдармен дәлелденеді. Жауапкер тарапынан міндеттемені орындау жөнінде қандай да бір дәлелдемелер келтірілген жоқ.

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 27.10.2023
513-23-3-1/2403

Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады (АК-нің 10-бабы).

Бұл тұрғыда, сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшыдан жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріліуге жатады.

№2 талап қою бойынша

АК-нің 272, 277 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Сот отырысында, анықталғандай, шарттың 7.3 тармағында, тұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады, бұл ретте тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% артық болмауы тиіс делінген.

Сот, талап қоюшының талабы бойынша тұрақсыздық айыбын жауапкерден талап қоюшының пайдасына міндеттеменің кешіктірілген күндері үшін 8 663 теңге мөлшерінде өндірілу қажет деп санайды.

Сот отырысында зерделенген дәлеледемелерді негізге алып, сот, талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабын негізді деп танып, қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келді.

АПК-нің 109-бабына сәйкес, талап қоюшының пайдасына жауапкерден мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қою арызы қанағаттандырылсын.

513-23-3-U0403

Жауапкер жеке кәсіпкер «Садыкова ЖК» Дильназ Ашимжановна Садыкова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Садыкова ЖК» Дильназ Ашимжановна Садыковадан «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 8 663 (Сегіз мың алты жүз алпыс үш) теңге тұрақсыздық айыбы, 260 (Екі жүз алпыс) теңге сот шығындары өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Садыкова ЖК» Дильназ Ашимжановна Садыковадан жергілікті бюджетке 1725 (Бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Артық төленген 1 465 теңге мемлекеттік бажды жергілікті бюджеттен талап қоюшы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына қайтарылсын.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Ж.Ж.Биманова

Көшірме дұрыс:
Судья Ж.Ж.Биманова

Анықтама
Шешім 2023 жылғы 4 желтоқсанда заңды күшіне енді.
Судья Ж.Ж.Биманова

Прошнуровано, пронумеровано
на 9 листах.
Судья СМЭ суда Актюбинской области
Биманова Ж.Ж

Қолға қол қойылған: Биманова Ж.Ж, 25.10.2023

13-23-3-1/2403